



Ашық тәрбие сағатының
ТАҚЫРЫБЫ:

«Отбасы - ұлт рухының айнасы»





Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады.

Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә.Назарбаев



Тәрбие сағатының мақсаты:
оқушыларда отбасы құрудың негіздері мен моральдық және этикалық нормалары, ана мен әке ролінің маңызды аспектілері туралы түсінік қалыптастыру, қазақ халқының отбасы құрудағы және оны сақтаудағы салт-дәстүрлерін насихаттау арқылы отбасы құндылықтарын сақтауға тәрбиелеу.
Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы кодексі негізінде құқықтық сауаттылықты дамыту.





Күтілетін нәтиже: жоғары сынып оқушылары отбасын құрудың моральдық және этикалық нормалары туралы, «занды тіркелген неке» және «ислам дініне сәйкес қиылған неке» туралы түсінік қалыптастырады, «азаматтық неке» туралы түсінік қалыптастыра отырып оның қазақ салтына қарама-қайшы келетіндігін ұғынады, отбасының мемлекет тарапынан қорғалуы туралы білімдерін кеңейтеді. Қазақ халқының салт-ғұрпына сәйкес аталас, рулас некеге жол берілмейтінін және кей жағдайларда осындай жақындық қатысы бар некенің салдарынан дүниеге келген балалар ұшырайтын гендік аурулар туралы біледі.

I. Кіріспе: 1. Позитивті сергіту сәті (Видеоролик)
2. Таныстырылым

II. Негізгі бөлім: Отбасы тағылымы
(Топтар дайындаған таныстырылымдарды қарастыру,
тақырыптары бойынша пікірлесу жүргізу)

III. Қорытынды: Отбасы қасиетті ұғым.
(Көрермендермен жұмыс, топ мүшелері оқушыларға ашық
сұрақтар қояды)

IV. Рефлексия : Бақытты отбасын құру
(Ақылдың алты қалпағы әдістемесі)

V. Кері байланыс: Мұғалімдер: «Екі жұлдыз, бір тілек»
Оқушылар: 1.«Рефлексия ағашы»
2. «Ашық және жабық қобдиша»





1-топ: «Қасиет»

Берілген тақырып: «Отан отбасынан басталады»

Түйінді идея: «Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны»

Қарастырылатын мәселелер:

1. Отбасы қасиетті ұғым: отбасы туралы кіріспе сөз
2. Отбасын құру: отбасын құру үшін не керек?
3. Отбасындағы ана мен әке ролі
4. Отбасындағы балаға қамқорлық
5. Ислам дініне сәйкес неке шарттары. Занды тіркелген неке
6. Азаматтық неке



2-топ: «Жауапкершілік»

Берілген тақырып: «Отбасы және заң»

Түйінді идея: «Барлық отбасы, әке мен ана және бала мемлекеттің ерекше қамқорлығында»

Қарастырылатын мәселелер:

- 1. ҚР Конституциясы, 27 бап**
- 2. ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексі**
- 3. Отбасына көрсетілетін мемлекет қамқорлығы**
- 4. Ата-ананың балаға қатысты құқығы мен міндеттері**
- 5. Баланың ата-анаға қатысты құқығы мен міндеттері**
- 6. Занды некеге тіркелу**



3-топ: «Тектілік»

Берілген тақырып: «Жеті атасын білмеген жетесіз»

Түйінді идея: «Қан тазалығы - ұрпақ амандығының басты кепілі, яғни, Қазақстан болашағы отбасыдан басталады»

Қарастырылатын мәселелер:

1.Гендік аурулар: Альбинизм ауруы

2.Гендік аурулар: Гемофилия ауруы

3.Гендік аурулар: Рахит ауруы

4. Некеге қатысты қазақ халқының заңдары

5. Қан тазалығы

6. Басқа елдердің некеге қатысты дәстүрлерінен





Рефлексия: «Бақытты отбасын құру»

«Алты шляпа» әдістемесі



Ақылдың алты қалпағы: мәтінге/суретке/оқуға ықпал етудің 6 тәсілі. (қажеті жоғын алып тастаңыз)



Қызыл қалпақ – Түйсік
Менің түйсіктік реакциям қандай?
Менің түйсігім маған не дейді.
Өз ойларыңды жазыңыз.

Ақ қалпақ - Фактілер
Менде қандай ақпарат бар?
Маған қандай ақпарат алу қажет?
Білетіңізді ғана жазыңыз.



Сары қалпақ – Позитив
Жағымды тұстары қандай болды?
Оның артықшылығы қандай?
Маған не ұнайды?
Оң тармақтарын жазыңыз.

Қара қалпақ – Жағымсыз
Жағымсыз кезеңдерді көрсетіңіз?
Қандай проблемалар бар?
Маған не ұнамайды?
Жағымсыз тармақтарды жазыңыз.



Жасыл қалпақ - Креатив
Менде қандай идеялар бар?
Қандай баламалы түрлерді ойлап таба аламын?
Барлық жаңасын және қызықтысын жазыңыз.

Көк қалпақ - шолу
Мен не аштым?
Тағы не ашылған жоқ?
Мен оны қалай аша аламын?
Мен барлық қалпақты кие алдым ба? Жалпы түсінігіңізді жазыңыз.



Көк қалпақты барлық топтан кейін кері байланыс алу үшін пайдаланыңыз.

Ақылдың алты қалпағы (Де Боно)



Фактілер
орташа, объективті
ақпарат



Эмоциялар болжамдар,
сезу, алдын ала сезу



Сыни аналитик,
Логикалық
негатив



Шуақты
оптимизм,
логикалық
позитив



Шығармашылық
өсу, мүмкіндіктер,
идеялар



салқынқандылық, іс-әрекет
жоспары, өңдеу, шолу,
ұйымдастырушы, шешім

◆ Кері байланыс:

Мұғалімдер: «Екі жұлдыз, бір тілек»

Оқушылар: 1.«Рефлексия ағашы» (9 «А»)

2. «Ашық және жабық

қобдиша» (Көгермен оқушылар)

а) Егер, бүгінгі тәрбие сағатынан көп ақпарат алдым, ойға тоқығанымды өмір бойы есте сақтаймын, пайдаланамын десеніздер **«Ашық қобдишаға» саласыздар**

б) Егер, бүгінгі тәрбие сағатынан алған ақпараттарды қолданбаймын десеніздер **«Жабық қобдишаға» саласыздар**



[Ашық сабақтар](#)



*Назарларыңызға
рахмет!!!*

